

Ата-аналарға арналған нұсқаулық

Балабақшаға қабылдау

**Электрондық шарттарды
жасасу**



EORDA
ЦИФРЛЫҚ ҚАЗАҚСТАН




INDIGO
ЭЛЕКТРОНДЫ БАЛАБАҚША

Балабақшаға қалай қабылдануға болады?

Балабақшаға қабылдану үшін:

1. INDIGO порталы арқылы кезекке тұру
2. Қабылдау туралы электрондық жолдама алу
3. Белгіленген құжаттардың барлығын жинау
4. Балабақшамен шарт жасасу


Ата-ананың жеке кабинетінде балабақшаға берілетін электрондық жолдаманың түрі



Жолдаманы «Менің жолдамаларым» бөлімінде жеке кабинетіңізден қарауға болады

Шартты қағаз не электрондық түрде жасасуға болады

Егер балабақша электрондық шарттарды жасасатын болса, оның мынадай **мөртабаны** болады:



№1 Балабақшасы
Иманбаев көшесі, 10 үй
2 жастан бастап қабылдау;
Бос орындар: 669
[Орындар бар](#) [Мемлекеттік](#)

№10 Балабақшасы
Уалиханов көшесі, 17 үй
2 жастан бастап қабылдау;
Бос орындар: 283
[Орындар бар](#) [Жекеменшік](#)

№11 Балабақшасы
Жеңіс көшесі, 123 үй
2 жастан бастап қабылдау;
Бос орындар: 374
[Орындар бар](#) [Жекеменшік](#)


Бұл балабақшаларда шарттар электрондық түрде ғана жасалады. Шарттардың қағаз түрі қарастырылмаған

Электрондық шартты жасасуға қалай дайындалуға болады?

Электрондық шартты жасасу үшін балабақшаға барудың қажеті жоқ, бірақ медициналық құжаттарды, банк деректемелерін және ЭЦҚ-ны дайындау қажет

Электрондық шартты қалай жасасу керек?

Егер балабақша электрондық шарттарды пайдаланатын болса, электрондық жолдамада **«Шарт жасасу»** деген түймешік болады



1-қадам

Түймешікті басқан соң шарт жасасу процесі басталады. Әрі қарай процесс туралы анықтамалық ақпаратпен экран көрсетіледі. Оны мұқият оқып **«Әрі қарай»** түймешігін басыңыз

1-ҚАДАМ

Шарт туралы ақпарат

 Білім беру қызметтерінің шарты- бұл тараптардың құқықтары мен міндеттерін белгілей отырып, мектепке дейінгі білім беру ұйымы мен баланың ата-аналары, баланың өзге де заңды өкілдері арасындағы мектепке дейінгі ұйымда болу кезеңіндегі өзара қарым- қатынастарды, сондай-ақ тәрбиеленушіні тәрбиелеу мен оқыту үшін өзара жауапкершілік тетігін реттейтін құжат.

Шарт жасасу үшін деректемелерді толтырып, келесі құжаттарды тіркеу қажет:

- Баланың суреті
- Баланың денсаулық паспорты
- Баланың денсаулығы туралы анықтама
- Банк деректемелері

Артқа

Ары қарай

Кері қайту

2-қадам: ЭЦҚ тексеру

ЭЦҚ өзінде екі файл қамтиды – ашық және жабық кілттер. Ашық кілт “AUTH_RSA...” деген сөздерден басталады. Жабық кілт “RSA...” деген сөздерден басталады

Бұл кезеңде ЭЦҚ-ның **ашық** кілтіне (AUTH_RSA...) жол көрсетіп, оның құпиясөзін жазып, **«Әрі қарай»** түймешігін басу керек

ЭЦҚ тексеру

ЭЦҚ-ның ашық кілтіне жол көрсетініз

C:\fakepath\AUTH_RSA256_d9c375885d171

ЭЦҚ-ны тандау



ЭЦҚ-ның ашық кілті



Егер қолдану ү...
мобильді құры...
алдымен ЭСҚ-н...
(whatsapp, электрондық пошта, USB және
т.б. арқылы) және оған жолды қамтамасыз
етіңіз

Артқа

Ары қарай

Кері қайту

2-қадам: ЭЦҚ тексеру




**ЭЦҚ тексеріліп жатыр
өтініш берушінің жеке
куәлігі, күте тұрыңыз**

Жүйе ЭЦҚ тексеріп, өтініш берушіні
сәйкестендіреді және келесі қадамды ашады

**Назар аударыңыз! ЭЦҚ жеке кабинеттің иесіне
тіркелген болу керек**

3-қадам: Заңды өкіл туралы мәліметтер

Барлық қажетті деректерді көрсетіңіз – өтініш берушінің тіркелген мекенжайы, тұрғылықты мекенжайы, жұмыс орны, өкілеттіктері және байланыс деректері және “Әрі қарай” түймешігін басып, келесі қадамға өтіңіз



Заңды өкіл туралы ақпарат

ЖСН

Фамилия

Аты

Әкесінің аты

Өкілеттіктер

Выберите полномочия

Заңды өкілдің байланыс деректері

Негізгі телефон нөмірі

Қосымша телефон нөмірі

Электрондық поштаның адресі

Жұмыс орны

Қызмет

Артқа

Ары қарай

Кері қайту

Назар аударыңыз! Дұрыс деректерді көрсетіңіз, олар шарт жасасу үшін пайдаланылатын болады. Егер ақпарат дұрыс болмаса, балабақша шарт жасасудан бас тартуы мүмкін

4-қадам: Шарттың деректемелері

Қажетті деректемелерді толтырыңыз: жеке куәліктің түрі, нөмірі, берілген күні, берген органы; банк таңдаңыз, БИК, филиалдың орналасқан жерін және банк шотының нөмірін (ИИК/IBAN) көрсетіңіз және “Әрі қарай” түймешігін басыңыз

4-қадам

Шарттың деректемелері

Баланың заңды өкілінің жеке басын куәландыратын мәліметтер

Жеке куәліктің түрі

Жеке куәліктің нөмірі

Жеке куәлік беретін орган

Заңды өкілдің банктік деректемелері

Банк

АО "ForteBank"

БИК (Банктің сәйкестендіру коды)

IRTYKZKA

Банк филиалының орналасқан жері

ИИК / IBAN (Банк шотының нөмірі)

Назар аударыңыз! Банк картасының (MASTER/VISA) нөмірі және банк шотының нөмірі – әр түрлі нөмірлер, олар бірдей болмайды. Бұл қадамда банк шотының нөмірін көрсетуіңіз керек. Оны банктің қосымшасынан қарауға болады немесе банктің менеджеріне жолығуыңыз кер

5-қадам: құжаттарды жүктеу

Құжаттарды жүктеңіз: баланың фотосы, денсаулық паспорты, денсаулық жағдайы туралы анықтама, ПМПК қорытындысы (егер ол бар болған жағдайда) және “Әрі қарай” түймешігін басыңыз

5-ҚАДАМ

Құжаттарды жүктеу

Құжаттар

1. Баланың суреті



 Косу
  Өшіру

2. Денсаулық паспорты

Бала туралы жалпы ақпараты бар бөлім

 Файлды жүктеу

3. Денсаулық Жағдайы Туралы Анықтама, 063-У Нысаны

 Файлды жүктеу


4. ПМПК Қорытындысы

 Файлды жүктеу

Артқа

Ары қарай

Кері қайту



Назар аударыңыз! Жүктелетін құжаттардың көлемі 2 Мб аспауға тиіс. Жүктелетін құжаттар JPEG форматында болуы тиіс.

6-қадам: растау

Бұл кезеңде шарт мәтінінің жобасымен танысуыңыз керек (қажет болған жағдайда, оны жүктеп алуға болады)

6-ҚАДАМ

Растау



ГУ «Управление образования Карагандинской области»

Мектепке дейінгі ұйымның білім беру қызметтерін көрсету шарты №1 Балабақшасы
04.02.2021 № 01.01-02.21.001, kz.пос



«Қарағанды облысының білім басқармасы» ММ

Договор оказания образовательных услуг дошкольной организации Детский сад №1, № 01.01-02.21.001 от 04.02.2021, поселок Актау

МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ ҰЙЫМНЫҢ БІЛІМ БЕРУ ҚЫЗМЕТТЕРІН КӨРСЕТУ ШАРТЫ №1 Балабақшасы

15.01.2021 № 01.01-01.21.001, Ақтау кенті

ДОГОВОР ОКАЗАНИЯ ОБРАЗОВАТЕЛЬНЫХ УСЛУГ ДОШКОЛЬНОЙ ОРГАНИЗАЦИИ Детский сад №1

№ 01.01-01.21.001 от 15.01.2021, поселок Актау



Жүктеу

6-қадам: растау

Шарт жобасымен танысқан соң жабық кілттің (RSA...) жолын көрсетіп және ЭЦҚ жабық кілтінің құпиясөзін жазып, шартқа қол қойыңыз

Шартқа қол қою үшін ЭЦҚ дайындау

ЭЦҚ жабық кілтіне жолды көрсетіңіз

C:\fakepath\GOSTKNCA_d4d516cdce3ed02

ЭЦҚ Таңдау



Егер қолдану үшін, сіз мобильді құрылғыны пайдалану, алдымен ЭСК-ны телефонға көшіріңіз (whatsapp, электрондық пошта, USB және т.б. арқылы) және оған жолды қамтамасыз етіңіз

Қол қоюға жіберу

Сіз №01.01-01.21.001 шартты №378618 бағыты бойынша мектепке дейінгі ұйымға қол қоюға жібересіз, бала

6-қадам: растау

ЭЦҚ кілтіне жол көрсеткен соң шарттың мазмұнымен танысқаныңызды растау үшін белгі қойыңыз және «Иә, шартты жіберу» түймешігін басыңыз

ЭЦҚ жабық кілтінің құпиясөзін көрсетіңіз

•••••

Қол қоюға жіберу

Сіз №01.01-01.21.001 шартты
№378618 бағыты бойынша
мектепке дейінгі ұйымға қол қоюға
жібересіз, бала




Мен шарттың мазмұнымен
таныстым

Иә, шартты жіберу

Артқа

6-қадам: растау

Жүйе енгізілген деректердің дұрыстығын тексереді және егер барлығы дұрыс болса, ЭЦҚ-ның көмегімен қол қояды және қол қою үшін оны балабақшаға жібереді



Шарт қол қоюға жіберілді!

- 1 «Иә, шартты жіберу» түймешігін басқан соң шарттың нөмірі және оны жіберген күні туралы хабарлама келеді

Шарт қол қоюға жіберілді

№01.01-01.21.001 білім беру қызметтерінің шарты қол қоюға жіберілді

Жіберілген күні: 14.01.2021, 14:34

ОК

Шарттар

Жеке кабинеттің мәзірі

Шарттар

Менің деректемелерім

#01.01-01.21.001

Шарттың жасалған күн

01.01.1970

Шарттың қолданылу мерзімі

Растады

МБҰ-ға қол қою шарты

Білім беру қызметтерінің негізгі шарты

Орындаушы

Балабақша №1

Шартты қабылдау

- 2 Балабақшада шартқа қол қою мәртебесін Жеке кабинетіңіздегі «Шарттар» бөлімі арқылы қарауға болады

Шарт қол қоюға жіберілді!

- 3 Егер мектепке дейінгі ұйым шартқа қол қойған болса, оның мәртебесі “Қол қойылды” болып өзгереді

#01.01-01.21.001

Шарттың жасалған күн

01.01.1970

Шарттың қолданылу мерзімі: мерзімсіз

Растады

Қол қойылды

Білім беру қызметтерінің негізгі шарты

- 4 Шартқа қол қойылған сәттен бастап ол заңды күшіне енеді және қабылдау процесі аяқталды деп есептеледі

Шарттың карточкасы

Егер шарттың атауын бассаңыз, шарттың карточкасы ашылады. Бұл жерде шартты жүктей аласыз немесе оны мәтін түрінде қарай аласыз

Шарт карточкасы

Жеке кабинет мәзірі

Білім беру қызметтерінің негізгі шарты

Шарттың мәтінін қарау

Шартты жүктеу

ШАРТТЫҢ НЕГІЗГІ ТАЛАПТАРЫ

Шарттың нөмірі:

07-01.07.04.2020

Шарттың қолданылу орны:

Нұр-Сұлтан қаласы

Қолданылу мерзімі:

**07.01.2020-07.01.2021
(белгісіз мерзімге ұзартылады)**

Күшіне ену күні:

07.01.2020



Шарттың сомасы:
40 000 теңге*

* баланың жасына және бекітілген тарифтік саясатқа байланысты өзгеруі мүмкін. Нұр-сұлтан қаласының ұйымдары»

ҚАБЫЛДАУ ШАРТТАРЫ

Негізі:

Нұр-сұлтан қаласының білім басқармасы "мемлекеттік мекемесі "берген 21.04.2020 №12345 бағыт»

Тобы:

Ромашка

Жас кезеңділігі:

2 жастан 3 жасқа дейін

Қосымша ақпарат

Менің ЭЦҚ жоқ, онсыз болады ма?

Шартқа ЭЦҚ (Электрондық цифрлық қолтаңба) арқылы ғана қол қоюға болады. ЭЦҚ-ны ХҚКО-ға немесе EGOV порталы арқылы алуға болады

Егер бұл жөнінде сұрақтарыңыз болса, 1414 нөмірі бойынша электрондық үкіметтің консультация қызметіне жолығуыңызға болады

Егер телефонда ЭЦҚ болмаса, шартқа қалай қол қоюға болады?

Ол үшін кез келген ыңғайлы әдіспен ЭЦҚ-ны телефонға көшіріп алуыңыз керек – USB көмегімен, WhatsApp және т.б.



Банк шотының нөмірі және банк картасының нөмірі бірдей болады ма?

Жоқ, банк картасының (MASTER/VISA) нөмірі және банк шотының нөмірі бірдей болмайды. Банк шотының нөмірін білу үшін банктің менеджеріне жолығуыңыз керек немесе оны банктің қосымшасында қарауға болады

Қосымша ақпарат

Мен өз сұрағыма жауап таппадым. Не істесем болады?

Егер сұрағыңызға жауап таппаған болсаңыз немесе техникалық проблемаларыңыз туындаса, экранның оң жағында төмен бұрышта түймешікті басып, Техникалық қолдау қызметіне жолығуға болады



Қосымша ақпарат

Электрондық шарттар туралы

Электрондық шарт – тараптардың құқықтары мен міндеттерін қамтитын үлгілік құжат, оның көлемі 30 парақтан асады.

Үлгілік шарт қазақ және орыс тілдерінде жасалған және заңнаманың талаптары өзгерген жағдайда, автоматтық түрде жаңартылады. Мектепке дейінгі ұйымдардың барлығы білім басқармасынан (бөлімінен) түскен шарттың үлгілік нысанын пайдалануға тиіс.

Шарттың мәтіні балабақшаның және ата-ананың жауаптылық аясын айқындайды. Оған қол қоймастан бұрын өз құқықтарымен және міндеттерімен танысу үшін шартты мұқият оқу керек




Қосымша ақпарат

ЭЦҚ туралы

Шартқа қол қою үшін электрондық цифрлық қолтаңба (ЭЦҚ) керек. ЭЦҚ – қолмен қойылатын (қағазға қойылатын) қолтаңбаның баламасы, ол цифрлық құжатты қағаз түріне теңестіреді. Және электрондық құжатты соттарда және басқа да ресми мекемелерде пайдалануға мүмкіндік береді.

ЭЦҚ-ның қолданылу мерзімі 1 жыл. Қолданылу мерзімін EGOV арқылы ұзартуға болады. Әдетте жаңа ЭЦҚ берілгеннен кейін оның қолданылу мерзімінің басталу күні ЭЦҚ-ның ішінде жазылады және келесі күні орнатылады. Сол себепті осындай операцияларды алдын ала жасау қажет.



Қосымша ақпарат

Электрондық шарттардың артықшылықтары

- Электрондық шарт ата-анаға орналасқан жеріне қарамастан тәуліктің кез келген уақытында оны жасасуға мүмкіндік береді. Ата-анаға балабақшаға барудың қажеті жоқ. Шарт жасасу үшін телефон мен ЭЦҚ жеткілікті.
- Электрондық шарт жоғалмайды, ол әрқашан INDIGO жеке кабинетінде болады.
- Электрондық шартты жасаспау мүмкін емес. Балабақшалар балаларды шарт жасаспай алған жағдайлар белгілі. Бұл жағдайда балалар және олардың ата-аналары заң тұрғысынан қорғалмаған болып қалады.
- Электрондық шарт – ата-аналар баланы беру туралы шешім қабылдаған кезде көрген бағалары өзекті болып табылатындығына кепілдік береді. Дәл осы бағалар шартта жазылады.
- Электрондық шарт балабақшаға тікелей жолығу қажеттілігін жояды, бұл өз кезегінде балабақша баланы қабылдаудан арнайы немесе негізсіз бас тартқан кезде, баланы қабылдау кезінде «алым-салықтарды» жояды.



Назар аударыңыздар!

Шарттың барлық деректемелерін мұқият толтыруыңызды сұраймыз. Бұл заң құжаты және егер толтырылған ақпарат дұрыс болмаса немесе орнатылған талаптарға сәйкес келмесе, балабақша шартқа қол қоюдан бас тарта алады.